

**Ақсу қалалық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 87/11 "Ақсу қаласы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 70/10 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 желтоқсанда № 7436-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 119/18 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 28.03.2024 № 119/18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Ақсу қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу қалалық мәслихатының "Ақсу қаласы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2017 жылғы 17 наурыздағы № 87/11 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5458 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

қосымшада 5 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақсу қалалық мәслихатының төрағасы*

*М. Омарғалиев*